


Барлық сақтық шараларын қолданыңыз.

Sonata жоғары сипаттамалы болат қорытпаларын көп мөлшерде пайдалану есебінен неғұрлым жеңіл, сонымен қатар, берік шанаққа қарай үлкен қадам жасайды. Жаңа шанақ бұрын-соңды болмағандай қатты болып шықты. Сонымен қатар, алдыңғы буындардағы үлгілерімен салыстырғанда 24 кг-ға жеңілдеу болып, төмен шуыл деңгейімен ерекшеленеді. Бұл Sonata-ның әлемдегі ең маңызды краш-тест талаптарына сәйкес келетіндігіне және көп жағдайларда тіпті олардан асып түсетіндігіне кепілдік береді. Ашылу қуаты азайтылған жүргізуші мен алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері стандартты жабдық тізбесіне кіреді, ал кеудеге/тізеге арналған көпшіктер, қауіпсіздік перделері сияқты, қосымша опция болып табылады.



Бірнеше қаңқасы бар мотор бөлігінің құрылымы.

Арқалықтар және алдыңғы тіреулер сияқты қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған негізгі элементтер барынша мүмкін болатын қаттылық пен соқтығысу кезіндегі деформацияға төзімділік үшін ыстықтай илемделген болат әдісімен жасалған. Жаңартылған конструкция сондай-ақ жүргізуші мен жолаушыларды алғашқы соқтығысудан кейін жиі орын алатын қайталама соқтығысулар нәтижесіндегі жарақаттанудан қорғайды.

9 қауіпсіздік көпшігі

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы ашылу қуаты азайтылған қауіпсіздік көпшіктерімен қорғалған, олар іске қосылған кезде жарақат алу қаупін азайтады. Қосымша опция ретінде басты бүйірлік соққылардан қорғайтын қауіпсіздік перделерін және жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғайтын кеудеге/жамбасқа арналған қауіпсіздік көпшіктерін орнату ұсынылады.

Ол сізден бұрын біледі.

Hyundai SmartSense әрқашан, тіпті жолдағы жазатайым оқиға сіздің жаныңызда болып жатса да, жамандыққа дайын. SmartSense Hyundai ұсынатын алдыңғы қатарлы жүргізушіге көмек көрсету жүйелерін біріктіреді. ADAS қауіпті болуы мүмкін жағдайларды анықтау үшін жолдағы жағдай мен автомобильдің жанындағы кеңістікті үнемі қадағалап отыратын Lane Keeping Assist қозғалыс жолағында қалу көмекшісі сияқты жүйелердің көмегімен сізді қорғайды. Сіз соқыр аймақта келе жатқан көлік құралын байқамай қалуыңыз мүмкін, бірақ жаңа Sonata-дағы «соқыр аймақта» соқтығысулардың алдын алатын Blind Spot Collision Avoidance Assist озық жүйесі сізді сақтандырып, соқтығысуды болдырмауға көмектеседі. Sonata моделінің ADAS жүйелер кешенінің технологиялары сізді және сіздің отбасыңызды қорғайды.



Lane Keeping Assist (LFA)

Бұл жүйе жолды белгілеу сызықтарын анықтау және жүргізушіні бұрылыс көрсеткішін алдын ала қоспай жүріп келе жатқан қозғалыс жолағынан шығып кету жағдайлары туралы хабардар ету үшін алдыңғы камераны пайдаланады. Қажет болған жағдайда, қозғалыс жолағынан абайсызда шығып кетпеу үшін руль автоматты түрде түзетіледі.



Blind Spot Collision Avoidance Assist (BCA)

Соқыр аймақта көлік құралдарын анықтағанда (артқы бампердегі радар датчиктерінің көмегімен), жүйе жүргізушіні сақтандырады және, басқа қозғалыс жолағына ауысу маневрін орындау кезінде соқтығысу қаупі бар болса, электрондық тұрақтандыру жүйесін (ESC) және тежегіштерді іске қосады. Сағатына 40 км жылдамдықта және жолды белгілеу сызықтарын анық ажыратуға болатын жолдарда белсенді болады.



Surround View Monitor (SVM)

SVM жүйесі құс ұшар биіктіктен автомобильдің және оны қоршаған кеңістіктің панорамалық суретін алу үшін навигация жүйесінің (AVN) негізгі модулін пайдаланады. Қосымша опция ретінде орнатылатын бұл жүйе шектеулі кеңістік жағдайында тұраққа қою маневрлерін орындаған кезде өте ыңғайлы болады.

